

# Капитал нарығы

Айлық шолу

---

2024 жылғы қараша

# МАЗМҰНЫ

## 1 ҚЫСҚА ШОЛУ

### АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



# ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы қарашада АХҚО биржасы сауда-саттық көлемі мен тартылған капиталдың айтарлықтай өсімін көрсетті. Жалпы, АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап сауда айналымы шамамен \$2,4 млрд құрады, бұл ретте шамамен \$1,2 млрд ағымдағы жылдың 11 айындағы сауда-саттыққа тиесілі.

## САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасы жыл басынан бері рекордтық \$1,2 млрд айналымға жетіп, сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті.

**\$1,2**  
млрд

### Бір жыл ішінде

АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бергі алғашқы 6 жылдағыдан да көп сауда жасалды

### \$2,4 млрд

АХҚО биржасы іске қосылған кезден бергі жиынтық көлем

## ТАРТЫЛҒАН КАПИТАЛ

АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап тартылған капиталдың (борыштық және үлестік) жалпы көлемі \$6,9 млрд құрады.

**\$6,9**  
млрд

### +\$2,3 млрд

2024 жылғы 11 ай ішінде

### +\$159 млн

2024 жылғы қарашада

# ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

## АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

## ӨНІМДЕР

- Акциялар  
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар  
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

## АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

# БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылдың қараша айында бөлшек инвесторлардың 42 мыңнан астам жаңа шоттары ашылды. Сауда мүшелерінің саны екі жергілікті сауда мүшесінің қосылуымен 48-ден 50-ге дейін өсті.


## БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР

**1,9 млн**

Бөлшек инвесторлар

**+42 тыс.**

2024 ж. қарашадағы жаңа бөлшек инвесторлар




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

## САУДА МҮШЕЛЕРІ

**50**

Сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

# AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) – қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс. AIXQI индексінің мәні жыл басынан бері 23%-ға өсті және 2024 жылдың қарашасындағы жағдай бойынша рекордтық 1503 тармақты құрады.

## AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

## AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

\* 2024 жылғы қарашадағы акциялар құнының өзгеруі

# ЖАЛПЫ ШОЛУ

Жыл басынан бері биржа рекордтық \$1,2 млрд айналымға жетіп, сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті. Жалпы, АІХ іске қосылған сәттен бастап сауда айналымы шамамен \$2,4 млрд құрады. Ұзақ өсу кезеңінен кейін акциялар бағасының нарықтық құбылуы салдарынан нарықтық капиталдандыру \$76 млрд-қа дейін шамалы 76 млрд-қа дейін аздап төмендеді.


## САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

**\$121M**

2024 жылғы қарашадағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

**5,5 есе көп**


2023 жылдың қарашасымен салыстырғанда



## НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

**\$76 млрд**

Нарықтық капиталдандыру



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.

Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

# АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың қарашасында акциялардың екі жаңа листингі тіркелді, нәтижесінде жыл басынан бері жаңа акциялар листингтерінің жалпы саны он бір болды. АХҚО биржасында сатылатын акциялардың көлемі \$9,5 млн құрады.

## ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

**27**

Листингтердің  
жалпы саны




Листингтер Эмитенттер Жаңа листингтер

Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.

## САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

**\$9,5 млн**

2024 жылғы  
қарашадағы  
акциялар сауда-  
саттығының көлемі




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.



# ҮЗДІК АКЦИЯЛАР

## ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК АКЦИЯЛАР


Freedom Corp.



Halyk Bank




Қазатомөнеркәсіп Банк ЦентрКредит Globaltrans




## ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ\*


Solidcore




Air Astana




Globaltrans



ҚазМұнайГаз



Қазатомөнеркәсіп




\* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

# БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ


2024 жылғы қарашада борыштық міндеттемелер листингтерінің саны да, АХҚО биржасындағы эмитенттердің саны да өсті: 14 жаңа листинг және 8 жаңа эмитент тіркелді. 2024 жылғы 11 айда АХҚО биржасында борыштық міндеттемелермен сауда көлемі \$731 млн-ға жетті, оның \$112 млн-ы 2024 жылғы қарашада саудаланды.

## ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.


## САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ




Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

# ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$159 млн-ға ұлғайып, \$6,4 млрд құрады. Салалар бойынша инвестициялардың бөлінісі шамалы өзгерді, әлі де мынадай бағыттар: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар әлі де көш бастап тұр.




Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

# 2024ж. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында (USD/EUR) орналастырылған облигациялар  
Теңгемен орналастырылған облигациялар

— АҚШ федералды қорының тиімді мөлшерлемесі\*

— Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

\*Федералды резер жүйесінің Басқарушылар кеңесі (АҚШ)

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

## ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

### АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир  
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур  
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

### АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр  
Есептілік департаментінің менеджері



## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: [www.aifc.kz](http://www.aifc.kz)
- АХҚО Биржасы: [Markets@aifc.kz](mailto:Markets@aifc.kz)
- Сауалдар: [DataAnalytics@aifc.kz](mailto:DataAnalytics@aifc.kz)